

Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі N 175 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 02 маусымда N 4693 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 272 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 03.12.2019 № 272 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Кодексіне, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қармақшы ауданындағы азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт, ветеринария саласының мамандарына, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Қармақшы ауданы мәслихатының 2012 жылғы 19 қарашадағы "Жоғары жалақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4370 нөмірімен тіркелген, аудандық "Қармақшы таңы" газетінің 2013 жылғы 11 қаңтарда жарияланған) N 61 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық
мәслихатының кезектен тыс
27-сессиясының төрағасы
Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы

Ә. Дәуленбаев

М. Наятұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК